

Мамандандырылған ұйымдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне өтеусіз негізде беруіне жататын ақпарат пен қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 9-1/666 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 тамызда № 11903 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мамандандырылған ұйымдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне өтеусіз негізде беруіне жататын ақпарат пен қызметтердің тізбесі б е к і т і л с і н .

2. «Мамандандырылған ұйымдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне өтеусіз негізде беруіне жататын ақпарат пен қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 4 сәуірдегі № 10-1/150 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8443 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 қыркүйекте № 203 (28142) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға ж і б е р і л у і н ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Ауыл шаруашылығы министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А. Мамытбеков

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғы 2 0 ш і л д е д е г і
№ 9 - 1 / 6 6 6 б ұ й р ы ғы м е н
б е к і т і л г е н

Мамандандырылған ұйымдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне өтеусіз негізде беруіне жататын ақпарат пен қызметтердің тізбесі

1. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне өтеусіз негізде беруіне жататын а қ п а р а т т а р :
- 1) агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау бағыттары, агроөнеркәсіп кешені саласында қабылданған нормативтік-құқықтық актілер жөнінде, оларға түсіндірмелер, сондай-ақ, ақпараттық-графикалық материалдар;
 - 2) сынақтан өткен және өңірлерге байланысты (тұқым сорты, тыңайтқыштар, улы химикаттар, сондай-ақ механизация құралдары) өндіріске енгізуге ұсынылған ғылыми-зерттеу институттарының соңғы ғылыми әзірлемелер бойынша одан әрі жұмыс үшін байланыс телефондары мен мекенжайларды ұсына отырып;
 - 3) отандық және әлемдік аграрлық нарық жаңалықтары, Қазақстанның өңірлеріндегі о қ и ғ а л а р ;
 - 4) ауыл шаруашылығы өнімдері мен оларды өңдеу өнімдерінің нарықтарының талдамалық зерттеулері және оларға шолу жасау;
 - 5) сүт өндіру саласы бойынша ақпараттық-талдамалық бюллетень;
 - 6) ірі қара мал еті бойынша ақпараттық-талдамалық бюллетень;
 - 7) құс еті бойынша ақпараттық-талдамалық бюллетень;
 - 8) республиканың барлық өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің, өсімдіктерінің, тірі малдың, жемшөптің және жанар-жағар майдың ағымдағы бағасы т у р а л ы а қ п а р а т ;
 - 9) көктемгі егіс және жинау жұмыстарының ағымдағы жағдайы туралы жедел а қ п а р а т ;
 - 10) республикада және басқа елдерде ұйымдастырылатын жоспарланған көрме-жәрмеңкелік іс-шаралар және оқыту семинарлары туралы;
 - 11) агроөнеркәсіп кешеніндегі озық технологиялар және оларды енгізу тәжірибесі және басқа да жаңалықтар туралы;
 - 12) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері туралы байланыс-анықтамалық ақпарат (ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен өңдеушілер, агроөнеркәсіптік кешендегі материалдық-техникалық ресурстарды және қызметтерді жеткізушілер);
 - 13) агробизнесті дамыту саласындағы құзыретті техникалық консультанттардың

- тізілімі және олардың анықтамалық-байланыс ақпараты;
- 14) жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар.
2. Агроөнеркәсіп кешен субъектілеріне өтеусіз негізде беруге жататын қызметтер:
- 1) on-line режимінде консультация беру;
- 2) Қазақстан бойынша тегін қоңырау шалу телефоны арқылы консультация беру;
- 3) брошюраларды тарату;
- 4) ауыл шаруашылығы өнімдерін, тамақ өнімдерін, техника мен жабдықтарды сатып алу және сату туралы хабарландыруларды орналастыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК